# Елім менің!

# БІЛІМ САЙЫСЫ



# Мақсаты:

- Туған-тарих, салт-дәстүрімізді таныстыру
- Отан сүйгіштікке, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу
- Еліміздің тарихы, әйгілі тұлғалары туралы білімдерін дамыту



# САЙЫС КЕЗЕҢДЕРІ

I. Кел, танысайық
II. Салт -дәстүрді білесің бе?
III. Тарихты білу парызымыз
IV. Білімді мыңды жығар
V. Ас адамның –арқауы
VI. Шебердің қолы ортақ
VII. Қорытынды

# 1 КЕЗЕҢ. ТАНЫСТЫРУ.

I топ





II топ







III топ





# Салт-дәстүрді білеміз бе?

# Сөз тіркесін тап

# 1-топқа.

***Екі көзі төрт болды***

**қорқу**

*Қысыр әңгіме*

**бос сөз**

*Кірпігінен қырау тамған*

**ашулы, қаһарлы**

# 2-топқа.

*Ағынан жарылды*

**ештеңені жасырмау**

*Иығынан дем алу*

**мақтану**

*Құлағын түру*

**назарын салу**

# 1-топқа.

# Ақ құйып шығару

# Ақ құйып шығару

**Халқымызда: «Үйге кірген жыланға да ақ құйып шығарады» деген мәтел бар. Қазақтың ақ деп атайтыны: сүт, қымыз, шұбат, айран. Қалың өрт келіп қалғанда алдынан ақ шашады, үйге жылан кіріп кеткенде басына сүт не айран құяды. Бұл қазақтың үйіне келген жауына да жамандық жасамайтын ұлттық мінезінен шыққан әдет.**

# Асату

# Асату

**С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген кітабында оны кең насихаттап жазған. Дастарқан басында ет жеп отырғандар тоя бас-тағанында, төрде отырған ақсақал қалған етті қолымен қонақтарға, жас балаларға асатады. Бұрындары ауыл балалары ет асаймыз деп қонақ келген үйдің қасында жүретінді.**

# Acap

# Асар жасау

**Үй салу, қой қырқу, тай таңбалау, киіз басу, егін ору, шөп шабу тәрізді қауырт жұмыстарды көптің күш-қайратымен, көмегімен тез атқару үшін ру басының, үй иесінің ауылдастарын, туған-туыстарын шақырып, бірлесе қимылдауын асар жасау деп атайды. Үй иесі жәрдемдесуге келгендерге тамақ дайындап, сый құрметін көрсетеді. Асарға келгендер атқарған жұмысына, көмегіне ақы алмайды.**

# Ат тергеу

# Ат тергеу

**Ол – адамды сыйлауға арналған ізеттілік әдет-ғұрып. Ұлттық болмыс бойынша әйелдер атасына, қайнағасына, қайнысына, қайын сіңілісіне атын атамау үшін қосымша ат қояды. Мұны ат тергеу деп атайды.Мұндайда қойылатын аттардың кейбірі мынандай: «Мырза қайнаға», «бай атам», «би аға», «тентегім», «еркежан», «шебер шешей», «ақ әже», «сырғалым», «шашбаулым». Жеңгелері қайныларына әзілдеп, бойлары тапал болса «сұңғақтым», жайбасар болса «жүйрігім» деп те ат қояды. Ер адамдар да өзінен үлкендерді Мәке, Сәке деп құрметтейді.**

# 2-топқа.

# Анттасу

## Анттасу.

**Жаудан кек қайтару үшін, адамдар бір-біріне деген адалдықтан  айнымау үшін, еларалық тату келісімді сақтау үшін ант айтатын салт-дәстүр бар. Халық антын бұзған адамды «Ант атқан» деп жек көріп, «Уа, айтылған ант, серттескен уәде, алысқан қол қайда?»» - деп, кінәласады.**

# Бастаңғы жасау

## Бастаңғы жасау

**Үйдегі үлкендер жолаушылап кеткенінде қалған жастар өздері бас қосып (келіндер, абысындар, күйеулер, балдыздар болып), немесе замандастарын шақырып ойын-сауық өткізеді, әңгіме-дүкен құрады, әр түрлі дәмді тағамдар жасап ішеді. Бұл әдет-ғұрыпты бастаңғы жасау деп атайды.**

# Ат тұлдау

# Ат тұлдау

**Ер адам қайтыс болғанында мініп жүрген атының жал-құйрығын күзеп, оны бос жібереді де, өлген адамның жылында сол атты әкеліп сояды. Бұл дәстүрді ат тұлдау деп атайды.**

# Аунату

# Аунату.

**Қазақтар үйіне келіп қонақ болған, қонып кеткен адамдардың отырған, жатқан жеріне «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы атасының қасиеттері қонсын» деп балаларын аунатып алатын болған. Елге, ағайынға сыйлы азамат кіндік қаны тамған туған жеріне келгенінде халық, туған туыстары, дос жарандары оны сол жердіңтопырағына аунатып алған. Шыңғыс Айтматов үйіне Мұхатр Әуезов келгенінде, ол отырған орындыққа ұлын аунатып алған көрінеді.**

# Көнерген сөздер

***Дүрия дегеніміз не?***

**мата түрі**

***Ішік дегеніміз не?***

**аң терісінен тігіліп, сырты матамен тысталады**

***Тайжақы деген не?***

**тай, құлын терісінен тігілген киім**

# 2-топқа.

***Шекпен деген не?***

**жүннен тоқылған сырт киім**

***Бешпет деген не?***

**қалың матадан тігілген киім**

***Торқа дегеніміз не?***

**мата түрі**

# Тыңдағандарыңызға размет!